



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Street art. BATYR BEINESI, FIFA WORLD CUP QATAR 2022, SALIŪT-1 коллекциялық монеталарының сатуға шығарылатыны туралы

Астана қ.

2023 жыл, 27 наурыз

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) **2023 жылғы 28 наурыздан бастап** <https://kazcoins.nationalbank.kz/kz> ҚҰБ интернет-дүкені арқылы мына коллекциялық монеталардың сатуға шығарылатынын хабарлайды.

«Қазақстанды монеталар арқылы зертте!» сериясынан **Street art. BATYR BEINESI** коллекциялық монетасы. Сынамасы 925/1000 күміс монетасы түрлі түсті баспа технологиясы қолдана отырып дайындалған. Массасы 31,1 грамм, мөлшері 30x45 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы 500 теңгелік, таралымы 5 000 дана.

Street art. BATYR BEINESI
монеталарының бейнесі



«Спорт» монеталар сериясымен шыққан **FIFA WORLD CUP QATAR 2022** коллекциялық монеталарында алтын жалату технологиясы қолданылған. 925/1000 сынамасы бар күміс монеталардың массасы 20 грамм, диаметрі 37 мм, дайындау сапасы – proof, номиналы 100 теңгелік, Қазақстанның ішкі нарығына арналған саны – 3 650 дана.

FIFA WORLD CUP QATAR 2022
монеталарының бейнесі



Номиналы 100 теңгелік нейзильбер қоспасынан SALIÝT-1 монеталарының бейнесі



«Ғарыш» монеталар сериясымен шыққан **SALIÝT-1** коллекциялық монеталары нейзильбер қоспасынан (МН 15-20) тұрады. Массасы 11,17 грамм, диаметрі 31 мм, дайындау сапасы – uncirculated, номиналы 100 теңгелік, таралымы 100 000 дана.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz